

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын өсіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 18 сәуір N 397. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.20. N 1033 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жалақы мен жасына байланысты зейнетақының ең төменгі жаңа мөлшерін белгілеу туралы" 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1651 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы" 1994 жылғы 23 наурыздағы N 293, "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы 1994 жылғы 29 наурыздағы N 306, "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы туралы" 1994 жылғы 31 наурыздағы N 316 қаулыларына сәйкес белгіленген Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 1994 жылғы 1 сәуірден бастап 2,5 есе өсірілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі